

Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 2 сәуірдегі N 88

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақ КСР-інде ауылды, селоны және агроөнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" 1991 жылғы 13 ақпандағы Қазақ КСР Заңының (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 8, 93-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 327-құжат, 1995 ж., N 20, 120-құжат):

44-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Селолық жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мекемелерінің мамандары коммуналдық қызметтерге (орталықтандырылған жылуға, суық және ыстық сумен жабдықтауға, канализацияға, электр қуатымен жабдықтауға, газға, қоқыстан адалауға, лифтілерді қамтуға), ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындар - отын үшін де Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде ақы төлеуден босатылады. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен коммуналдық қызметтер үшін алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге ж о л б е р і л е д і " .

2. "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 26, 345-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 208-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат):

39-бабының бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"I және II топтағы мүгедектер, сондай-ақ III топтағы мүгедектер, егер олар белгіленген тәртіппен жұмыссыз деп танылса, коммуналдық қызметтерге (орталықтандырылған жылуға, суық және ыстық сумен жабдықтауға, канализацияға, электр қуатымен жабдықтауға, газға, қоқыстан адалауға, лифтілерді қамтуға), ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындар отын үшін де 50 процент мөлшерде төлейді. I және II топтағы мүгедектер сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде тұрғын үйді ұстауға арналған шығындарды төлеуден босатылады. Мүгедектердің жекелеген санаттарына қосымша тұрғын үй алаңына құқық беріледі. Қосымша тұрғын үй алаңын

берудің тәртібі мен шартты және оны алуға құқығы бар мүгедектер санаттарының тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі.";

40-бабының 2-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"I топтағы мүгедектер телефонды (қалааралық сөйлесуден басқа) тегін, II топтағы мүгедектер - белгіленген тариф құнының 50 процентін төлеп, ал тариф пен уақыт нормаларының мерзімдік төлемі жағдайында - Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде пайдаланылады. I топтағы мүгедектер радионы тегін, ал II топтағы мүгедектер оның құнының 50 процентін төлеп пайдаланады."

3. "Білім беру туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 110-құжат; N 13-14, 327-құжат; N 16, 402-құжат; 1993 ж., N 8, 154-құжат; 1995 ж., N 15-16, 104-құжат; N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж . , N 2 , 1 8 3 - қ ұ ж а т) :

28-бабының бірінші бөлігінің сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- егер поселкелерде және ауылдық жерлерде орналасқан мектептерде жұмыс істейтін болса, Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге (орталықтандырылған жылуға, суық және ыстық сумен жабдықтауға, канализацияға, электр қуатымен жабдықтауға, газға, қоқыстан адалауға, лифтілерді қамтуға), сондай-ақ отынға жұмсалатын шығындарды төлеуден босатылады. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі;"

4. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; 1992 ж., N 24, 592-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; 1995 ж., N 23, 155-қ ұ ж а т) :

33-бабының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Күнтізбелік есеппен 20 жыл және одан да көп қызмет еткен ішкі әскерлердің әскери қызметшілері (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқасы) тұрғын үй қорының кімге тиесілі екеніне қарамастан өздері орналасқан және өздерімен бірге отбасы мүшелері тұратын тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге (орталықтандырылған жылуға, суық және ыстық сумен жабдықтауға, канализацияға, электр қуатымен жабдықтауға, газға, қоқыстан адалауға, лифтілерді қамтуға)

жұмсалатын шығындарды Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде 50 процент мөлшерінде төлейді. Тұрғын үй алаңы берілгенге дейін тұрғын үй-жайды жалға алу (жалдау) үшін әскери қызметшіге заңдарда белгіленген мөлшерде және тәртіппен ақшалай өтемақы төленеді. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі".

5. "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 348 -құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат):

15-бабының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгіленген тәртіппен және нормалар шегінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындар азаматтарға сату үшін белгіленген нормалар шегінде сатып алынатын отын үшін де белгіленген ақының 50 процент мөлшерінде кемітіп төлеуге. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен коммуналдық қызметтер үшін алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі;"

16-бабының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындар азаматтарға сату үшін белгіленген нормалар шегінде сатып алынатын отын үшін де белгіленген ақыны 25 процент мөлшерінде кемітіп төлеуге. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі;"

6. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Z934000_ 1993 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 32-құжат; N 18, 429-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 22, 133-құжат):

12-бабының он екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқасы) қызмет еткен жылдарына қарамастан, сондай-ақ 20 жыл және одан да көп қызмет еткен, жасына, денсаулық жағдайына, штаттың қысқаруына байланысты әскери қызметтен

босаған адамдар отбасы мүшелерімен бірге тұрғын үйді ұстауға арналған шығындарды, тұрғын үй қорының кімге тиесілі екендігіне қарамастан, коммуналдық қызметтерге (орталықтандырылған жылуға, суық және ыстық сумен жабдықтауға, канализацияға, электр қуатымен жабдықтауға, газға, қоқыстан адалауға, лифтілерді қамтуға), ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындар Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіп пен нормалар шегінде отын үшін де 50 процент мөлшерінде төлейді. Телефонды орнату және пайдалану жөніндегі жеңілдіктер (қалааралық сөйлесуден басқа) белгіленген тарифтің 50 проценті мөлшерінде, ал мерзімдік төлем жағдайында - Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тарифпен және уақыт нормасында беріледі. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі."

7. "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Z932200_ 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 10, 242-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат):

24-бабының сегізінші абзацындағы "қолданылып жүрген заңдармен белгіленген нормалар шегінде тұрғын алаңға, коммуналдық қызметке, телефонды пайдаланғаны үшін төленетін ақыны 50 процент, орталықтан жылытылмайтын үйлерде тұратын адамдар үшін халыққа сату үшін көзделген нормалар шегінде сатып алынатын отын құнын 50 процент төмендетуге" деген сөздер "тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін, телефонды пайдаланғаны үшін (қалааралық сөйлесуден басқа) шығындарына ақы төлеуді белгіленген тарифтен 50 процент төмендету, ал мерзімдік төлем жағдайында - Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тарифпен және уақыт нормасында, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындарға азаматтарға сату үшін белгіленген нормалар шегінде сатып алынатын отын үшін де 50 процент төмендетуге. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер үшін алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 U952247_ Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 45 - құжат; N 14, 98 - құжат) :

11-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өздеріне тиесілі немесе өздері тұрып жатқан, бірақ 50 шаршы метрден артық

емес пайдалы алаңы бар тұрғын үйді ұстауға жұмсалатын шығындар үшін ақы төлеуден босату. 50 шаршы метрден артық тұрғын үйді ұстауға арналған шығындар азаматтар үшін белгіленген тарифтің 50 проценті мөлшерінде төленеді. Олармен бірге тұратын отбасы мүшелері заңдарда белгілеген нормалар шегінде тұрғын үйді ұстауға жұмсалатын шығындарды төлеуден босатылады. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі.";

11-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін, оның ішінде орталықтандырылған жылу үшін пайдалы алаңы 50 шаршы метр шегінде және 50 шаршы метрден артық алаң үшін халыққа арнап белгіленген тарифтің 50 проценті мөлшерінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде отын үшін де Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде ақы төлеуден босату. Олармен бірге тұратын отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) құнының 50 проценті мөлшерінде шегерім жасап төлейді. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі.";

11-баптың 14-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Пәтердегі телефонды пайдаланғаны үшін (қалааралық сөйлесуден басқа) Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде ақы төлеуден б о с а т у . " .

13-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өзі тұрып жатқан алаңының мөлшеріне, тұрғын үйдің күзеттік белгі беретін қоңырауына қатысты қызметтерге қарамастан тұрғын жайын ұстауға арналған шығындарды төлеуден босату. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі.";

14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Отбасына арналған норма шегінде өздеріне тиесілі немесе өздері тұратын пайдалы алаң үшін тұрғын үйді ұстауға арналған шығындарды төлеуден босату, ал 15 шаршы метрге дейінгі артық алаңға бір өлшемдегі мөлшерде ақы төленеді. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген

нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі.";

14-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Олармен бірге тұратын отбасы мүшелерімен қоса, коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін 50 процент мөлшерінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде - отын үшін де Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде ақы төлеуден босату. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі.";

16-баптың 1-тармағының 3-абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"пәтеріне телефон орнатып, пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте және нормалар шегінде ақының 50 процентін (қалааралық сөйлесуден басқа) төлеуге;" ;

16-баптың 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тұрғын үйді ұстауға арналған шығындарды төлеуден Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде 50 процентке босатылады. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі;" ;

16-баптың 2-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін 50 процент мөлшерінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде, отын үшін де Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде ақы төлеуден босату. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі." .

9. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2676 Z952676_ Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 143-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 366 - құжат) :

36-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Алтын алқа" алқасымен марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана атағын алған көп балалы аналар белгіленген нормалар бойынша тұрғын үй алаңымен бірінші кезекте

қамтамасыз етіледі; отбасы мүшелерімен қоса, Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде тұрғын үйді ұстауға арналған шығындарды, сондай-ақ коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) - үшін 50 процент мөлшерінде төлейді; мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі; оларға тұрғын үй салу үшін процентсіз несие беріледі; жеке басы қала ішіндегі және қала маңындағы көлікпен (таксиден басқа), ал ауылдық жерлерде - аудан ішіндегі желілерде автобустармен тегін пайдалану құқығы беріледі."

10. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2706 U952706_ Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 153-құжат):

25-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік тергеу комитетінің қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкерінің балаларына олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін, сондай-ақ оның асырауында болған еңбекке жарамсыз отбасы мүшелеріне тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін шығындарды төлеу жөнінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындарға - Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде отын үшін де жеңілдіктер құқығы сақталады. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі. Қаза тапқан адамның отбасына немесе оның асырауындағыларға айлық ақшалай үлесі мөлшерінде асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы тағайындалады.";

27-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жас шамасы, денсаулық жағдайы, штаттың қысқаруы, қызмет еткен жылдары бойынша қызметтен зейнетке шығарылған Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері мен зейнеткерлері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері үшін тұрғын үй қорының ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін шығындарды төлеу жөнінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде, отын үшін де 50 проценттік шегерім белгіленеді. Мәслихаттардың

шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі."

11. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 U952707_ Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 1 5 4 - қ ұ ж а т) :

28-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Ішкі істер органдарының қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкерінің балаларына олар кәмелеттік жасқа толғанға дейін, сондай-ақ оның асырауындағы болған еңбекке жарамсыз отбасы мүшелеріне тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін шығындарды төлеу жөнінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындарға - Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде отын үшін де жеңілдіктер құқығы сақталады. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі. Қаза тапқан адамның отбасына немесе оның асырауындағыларға айлық ақшалай үлесі мөлшерінде асыраушысынан айрылуына байланысты зейнетақы тағайындалады.";

30-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жас шамасы, денсаулық жағдайы, штаттың қысқаруы, қызмет еткен жылдары бойынша қызметтен зейнетке шығарылған ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері үшін тұрғын үй қорының ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін шығындарды төлеу жөнінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындарға Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарға арнап белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде отын үшін де 50 проценттік шегерім жасау белгіленеді. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі."

12. Қазақстан Республикасы Президентінің "Әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктерді реттеу жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 23 қаңтардағы N 2788 U962788_ Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1 , 1 7 6 - қ ұ ж а т ; N 2 0 - 2 1 , 4 0 1 - қ ұ ж а т) :

II бөлімі бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализация, электр қуатымен жабдықтау, газ, қоқыстан адалау, лифтілерді қамту) үшін шығындарды төлеу жөнінде, ал орталықтандырылған жылу жоқ үйлерде тұратындарға Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтар үшін белгілеген тәртіппен және нормалар шегінде отын үшін де 50 проценттік шегерім белгіленеді. Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі.";

мынадай мазмұндағы III бөліммен толықтырылсын:

"III. Тұрғын үйді ұстауға, сондай-ақ коммуналдық қызметтерге (орталықтандырылған жылуға, суық және ыстық сумен жабдықтау, канализацияға, электр қуатымен жабдықтауға, газға, қоқыстан адалауға, лифтілерді қамтуға) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және нормаларда:

- өздерімен бірге тұратын төрт немесе одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылар (оның ішінде жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқитын балалар - олар кәмелеттік жасқа толғаннан кейін - оқу орындарын аяқтайтын у а қ ы т қ а д е й і н) ;

- үшінші топтағы мүгедектер, жас шамасы бойынша зейнеткерлер, жалғызілік аналар, егіздер дүниеге келген отбасылар, егер азаматтардың осы санаттары Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен айқындалатын күнкөрістің ең төменгі мөлшерінен де төмен кірістер алатын болса, шығындардың жартысы м ө л ш е р і н д е т ө л е й д і .

Тұрғын үйді ұстауға нормалар шегінде:

- туыстық қатынасы болмаған жағдайда екі және одан да көп отбасы бір пәтерде т ұ р а т ы н д а р ;

- белгіленген санитариялық және техникалық талаптарға сай келмейтін тұрғын үй - ж а й л а р д а т ұ р а т ы н д а р ;

- мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан не өндірістегі жазатайым жағдай салдарынан қаза тапқан адамдардың отбасылары;

- заңдармен белгіленген тәртіппен бекітілетін аурулар тізімінде көрсетілген кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен зардап шегушілер;

- дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссиясының (ДӘСК) қорытындысы бойынша Чернобыль апатынан, Семей полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан, сондай-ақ басқа да азаматтық және әскери мақсаттағы ядролық объектілерде денсаулық жағдайы н а ш а р л а ғ а н а д а м д а р ;

- саяси себептер бойынша заңсыз сотталғандар немесе сотсыз қуғын-сүргінге ұшырағандар, егер бұл фактілер сот тәртібімен айқындалса;

- мүгедек балаларды тәрбиелеушілер шығындардың жартысы мөлшерінде төлейді.

Мәслихаттардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде және тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге алдын ала ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беруге жол беріледі.";

III және IV бөлімдер тиісінше IV және V бөлімдер болып саналсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК